

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІ МЕН БАСҚА ПӘНДЕРДІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Жоспар

- * Интеграция туралы түсінік
- * Интеграцияны жасау себептері
- * Интеграциялаудың жолдары

Интеграция деген не?

- Интеграция (лат. *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру, *integer* – тұтас, бүтін) – экон. субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылды тереңдету
- Өзін-өзі тану пәні мен басқа пәндермен интеграциясы - ықпалдастық, кіріктіру, біріктіру, шоғырландыру, деген мағынаны білдіреді

ИНТЕГРАЦИЯНЫ ЖАСАУ СЕБЕПТЕРІ

«Ізгілік ғылымын түсінбегендерге кез-келген ғылым әрдайым зиян келтіреді» (М.Монтень)

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» (Әл Фараби)

Білім тек табыс табу үшін емес, өмір сүру үшін қажет.

Білім берудің 2 аспектісі бар

1. Интеллектуалды (сыртқы білім ақыл үшін)
2. Рухани-адамгершілік (ішкі білім, жүрек үшін)



Тұтастай білім беру

Сыртқы білім

Интеллектуалды

Ішкі білім

Рухани-адамгершілік

Сыртқы білім

1. Сыртқы интеллектуалды
2. Сыртқы дүниені зерттеу
3. Кітаби білім
4. Қалауларды оятады, сырттағыға таратады
5. Дүниеде күн көру қажет
6. Интеллектіні дамытады
7. Ақыл мен тәнге қарасты
8. Сыртқы білімнің мақсаты – ақпарат беру
9. Интернет
10. Аллергия болады.

Ішкі білім

1. ішкі рухани-адамгершілік
2. Ішкі дүниені зерттейді
3. Практикалық білім (тәжірибе арқылы)
4. Әрбір адамның жүрегінде жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындайды
5. Өмірлік мақсаттармен байланысты (не үшін өмір сүру керек)
6. Интуицияны дамытады
7. Жүрекке қарасты
8. Ішкі білімнің мақсаты – трансформация (даналықты ояту)
9. Иммунитет
10. Энергия (күш-қуат береді)

Білім мен өмірді әдемі бір үйлесімге біріктіру қажет.

Тұтастай білім беру = сыртқы білім + ішкі білім



- Адам тұлғасының барлық аспектілері ақыл, қол, жүректің үйлесімді дамуы қарастырылады;
- Байсалды тұлғаны дамыту;
- Адамның жаратылысынан бар рухани-адамгершілік қасиеттері мен құндылықтарын анықтап, күнделікті өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік жасау;
- Ойы, ісі, сөзі бірлікте болатын мінез-құлыққа тәрбиелеу мақсат етіледі.

Интеграциялаудың жолдары



- Ғылымдардың даму тарихы мен ұлы ғалымдардың өмірінен шабыттандыратын мысалдар келтіру
- Қазіргі ғылыми жаналықтармен таныстыру
- Әрбір оқу пәндерінің мазмұнын жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау

Интеграция мысалдары

- Жаратылыстану ғылымы бойынша
- Гуманитарлық ғылым бойынша



Дүниетану (2 сынып)

- **Топырақ - жердің бетіндегі өсімдік өсетін жұмсақ қабат.**
(Адамға сүйіспеншілік, мейірім-шапағат беріп, дұрыс-әрекет жасауға тәрбиелесе, онда ол рухани бай болып қалыптасады. Топырақты да күтіп баптамаса, құнарландырмаса, онда ол дұрыс өспейді. Құнарсыз топырақ өсімдікті жойып жібереді. Ал сүйіспеншіліксіз, мейірімсіз тәрбиеленген адам қатыгез, жаман әрекетке жақын адам болып өседі). (Топырақ - тіршілік бесігі, қорек көзі) (Топырақ → өсімдік қорегі → баспана), (Адам өмірі топырақпен байланысты).
- **Ауа: сығылады, жылуды сақтайды, отты жанғызады**
(Ізгілік жан-жағына шуағын шашып, жүрекке нұр, күш қуат береді).



Биология (7 сынып)



- Өсімдік – тірі ағза.
- Тұқымнан өнген өскін топырақ арасымен жер бетіну шығады, өсімдік өскін шағында өте нәзік келеді.
(жас бала сияқты, өмірге келген жан иесінің жүрегі нәзік келеді, барлық сөз оның жанына әсер етеді)
- Өсімдіктер қоректенеді, тыныс алады, жарықты, жылуды, суды, қажет етеді.
(ол жан жылуын, сүйіспеншілікті, қамқорлықты қажет етеді)
- Тамыр – өсімдіктің негізгі және жер астындағы мүшесі.
(Ата-бабасы өмірінің негізі, бастауы, яғни тегіміз)

Биология (7 сынып)

- Жапырақ көмірқышқыл газын бойына сіңіріп, оттегін бөліп шығарады.

(Жақсы адамға қаншалық жамандық жасасаң, ол оны ой елегінен өткізіп, дұрыс әрекет жасайды, мейірім шапағатын төгеді).

- Жапыраққа қорек сабақ арқылы келеді.

(Адамға рухани қорек жүрек арқылы жетеді) Қоректің екі түрі бар, яғни 1-шіге сүйіспеншілік, мейірімділік, дұрыс әрекет т.б., 2-шіге керісінше қатыгездік, жаман әдеттер т.б. (Сабағы жаман жемістің дәні жаман)



ГЕОГРАФИЯ (7 СЫНЫП)

- Карта географиялық білімді қалыптастыру мен тереңдетудің маңызды құралы.

(тұлғаның Адам бойына ізгілік білімін қалыптастырудың маңызды құралы).

- Атмосфера географиялық қабықтың бір бөлігі ретінде Жердің басқа компоненттерімен тығыз байланыста болады.

(Сүйіспеншілік өмір сүрудің бір бөлігі, ол адамның әр ісіне көрініс табу керек, яғни байланыста).



Математика (2 сынып)

- $()$ түріндегі белгі жақшалар деп аталады. Жақшалар, алдымен оның ішіндегі амалды, сонан кейін оның сыртындағы амалды орындау керектігін білдіреді. $(10-4)+1$

(Адам өмір тосқауылдарына кездескенде, шешу жолын бірінші өзі қарастырады, содан кейін қасындағы достарына көмек қолын созуы керек) (Алдымен өз ішкі жан дүниесіне үңілу керек, содан кейін басқалармен кеңесу керектігін айтуға болады). Ш.Амонашвилидің сөзін айтуға болады: «Мектепті емес, мұғалімнің рухани-дүниесін реформалау қажет».

Математика (2 сынып)

- **СЫНЫҚ СЫЗЫҚТЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫН ТАБУ ҮШІН ОНЫҢ
БУЫНДАРЫНЫҢ ҰЗЫНДЫҚТАРЫН ҚОСУ КЕРЕК.**

(Рухани шыңға жету үшін мына құндылықтарды қосу керек:
сүйіспеншілік, мейірімділік, қайырымдылық, дұрыс іс-әрекет)

(Бірыс алды – ынтымақ)

Қазақ тілі (7 сынып)



- *Көптік жалғау* өзі жалғанған сөз заттың тек көптігін ғана емес, сонымен бірге сол зат көпке ортақ екенін де білдіреді. (жақсылықты тек досыңа ғана емес, сонымен бірге барлық адамзатқа ортақ жасау керек). (Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады). (Көппен көрген ұлы той)
- *Тәуелдік жалғау* бір заттың екінші бір затқа тәуелді, меншікті екенін білдіреді. (адамдар бір бірінсіз өмір сүре алмайды), (Менге менікілер меншікті, тәуелді), (табиғат бір-біріне тәуелді, барлығы табиғаттың меншігінде),

Әдебиет (7 сынып)

- Толқын мен толқын сырласып,
- Сырларын еппен ұрласып,
- Толқынға толқын еркелеп,
- Меруерт көбікке оранып,
- Жыландай жүзге бұралып,
- Жарға жетер ентелеп

(адам өмірімен байланыстыру керек) оқушыларға сұрақ қою арқылы .